

Нумерациялық білім

- 1,2 ,3, 4, 5 сандарының ішінен екі санды сыз. Қалған сандардың қосындысы 10-тең болуы тиіс.
- Сандар қандай заңдылықпен орналастырылғанын анықтап, белгісіз санды тап.
- а) $\begin{matrix} 4 & 2 & 6 \\ 1 & 8 & 9 \\ 7 & 3 & ? \end{matrix}$ ә) $\begin{matrix} 8 & 1 & 7 \\ 3 & 2 & 1 \\ 6 & 2 & ? \end{matrix}$
- **1 - ден 100 - ге дейінгі сандарда 7 цифры неше рет кездеседі?**
- **Жұп сандардың қатарындағы 4, 10 және 56-орында қандай сандар тұр?**

Сандардың арасына таңба қой

$$12345 = 60 \quad 54321 = 60$$

а) 3 санын төрт рет қолданып, мәні 14-ке тең болатын теңдік құр.

ә) Үш 2 санының көмегімен сәйкесінше мәндері 0, 1, 2, 3, 6 және 8-ге тең болатын теңдіктер құр.

«Қызықты» шаршы

1, 3, 5, 7, 11, 13, 15, 17 сандарын әр жолда, әр бағанда және бір бұрыштан екінші бұрышқа дейін тұрған үш санның қосындысының мәні 27-ге тең болатындай етіп орналастыр.

	9	

а) Қосындысының мәні 97-ге тең болатын қатар тұрған екі санды тап.

ә) Қосындысының мәні 225-ке тең болатын қатар тұрған үш санды тап.

б) Қосындыларының мәні 5-ке тең болатын барлық үш таңбалы санды жаз.



2

Тура және жанама түрде тұжырымдалған есептер



- 1) Бақтан 12 себет алма және одан 4 себет артық алмұрт жиналды. Қанша себет алмұрт жиналды?
- 2) Бақтан 12 себет алма жиналды. Бұл жиналған алмұрттан 4 себет кем. Қанша себет алмұрт жиналды?



- 1) 18 ағаш және одан 3 есе артық тас үй салынған. Тас үй нешеу?
- 2) 18 ағаш үй салынған. Бұл тастан салынған үйге қарағанда 3 есе кем. Тас үй нешеу?



- 1) 28 банка қызанақ және одан 2-еуі артық қияр тұздалды. Неше банка қияр тұздалды?
- 2) 28 банка қызанақ тұздалды. Бұл тұздалған қиярға қарағанда 2 банка кем. Неше банка қияр тұздалды?



- 3) 28 банка қызанақ және одан 2 есе артық қияр тұздалды. Неше банка қияр тұздалды?
- 4) 28 банка қызанақ тұздалды. Бұл тұздалған қиярға қарағанда 2 есе кем. Неше банка қияр тұздалды?


Логикалық есептер

а) Екі вагондағы бидай бірдей. Егер біріншісінен 20 ц, ал екіншісінен 16 ц бидай алынса, қай вагондағы бидай аз?


ә) Мектептің бірнеше оқушылары қалалық олимпиадаға қатысады. Олардың 10-ы математикадан, 8-і физикадан, ал 6-ы физикадан да, математикадан да есепті жақсы шығарады. Олимпиадаға неше оқушы қатысқан?

б) Отбасында бірнеше бала бар. Олардың: 7-уі картопты, 6-уы сәбізді, 5-уі бұршақты, 4-уі картоп пен сәбізді, 3-уі картоп пен бұршақты, 2-уі сәбіз бен бұршақты, ал 1-уі картопты, сәбізді және бұршақты жақсы көреді. Осы отбасында неше бала бар?

Шешулері



Екі дөңгелектің қиылысқан жеріне 6 жазамыз. Математиктер 10 болғандықтан, 4-ті жазамыз, 6-ны 8-ге толтыратын сан - 2. Осы үш санның қосындысы есептің жауабын береді: $4+6+2=12$ (оқушы)



С Үшеуінің қиылысына - 1;
Сәбіз бен бұршақ - 1;
Картоп пен бұршақ - 2;
Картоп пен сәбіз - 3;
Үшеуіне жеке-жеке - 1.

Комбинаторикалық есептер

- а) 10 санын екі қосылғыштың қосындысы түрінде неше тәсілмен көрсетуге болады?
- ә) 3 әр түрлі түстің көмегімен дөңгелекті екі бөлігін әр түске неше тәсілмен бояуға болады?
- б) 1 және 2 цифрларын пайдаланып, неше үш таңбалы сан құрастыруға болады:
1) цифрлары қайталанатын; 2) цифрлары қайталанбайтын.
- в) 4 әр түрлі фигураны бір қатарға неше тәсілмен орналастыруға болады?
- г) 5 футбол командасы бір-бірімен бір рет ойнайды. Осы командалар неше матч ойнады?

Жауаптары:


а) 5 тәсіл (сандардың орындарын ауыстырмағанда);
9 тәсіл (орындарын ауыстырғанда).

ә) 6 тәсілмен. $(2+1) \cdot 2=6$

б) Екі цифрдың көмегімен екі таңбалы 4 сан жазуға болады. **11, 12, 21, 22**

Сондықтан $4 \cdot 2=8$ (үш таңбалы сан).

в) $1 \cdot 2 \cdot 3 \cdot 4=24$ (тәсіл)



г) $4+3+2+1=10$ (матч)

